




ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯЛАРЫ




ҚАЗАҚ ССР
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қаныш

Имантайұлы

СӨТБАЕВ



Cambridge

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар

ҚАНЫШ
ИМАНТАЙҰЛЫ
СӘТБАЕВ



ҚАЗАҚ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ • 1989

Б а с р е д а к т о р

**Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі
Ө. М. Сұлтанғазин**

Жауапты редакторлары:

**Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі А. А. Абдулин
және геология-минералогия ғылымдарының докторы
Н. Н. Нұралин**

Құрастырушылар:

*Т. А. Сәтбаева, Н. Н. Нұралин, Т. Е. Едіресов,
К. Д. Жәмінов, А. Д. Қайыпов*



© Қазақ ССР-інің
«ҒЫЛЫМ»
баспасы,
1989

О Қ Ы Р М А Н Д А Р Ғ А

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографияларының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде қазақша, орыс және шетел тілдерінде жарияланған еңбектері беріліп отыр.

АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 апрельде (31 мартта) Семей губерниясының (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы) Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының 4-ші ауылында туды. 1964 жылы 31 январь күні Москва қаласында қайтыс болды. Алматы қаласында жерленді.

1909—1911 жж. Семей губерниясы, Павлодар уезі Ақкелін болысының 4-ші ауылындағы орыс-қазақ мектебінде оқыды.

1911 ж. Семей губерниясы, Павлодар уезі Ақкелін болысының 4-ші ауылындағы орыс-қазақ мектебін бітіріп шықты.

1911—1914 жж. Павлодардағы орыс-қазақ училищесінде оқыды.

1914 ж. Орыс-қазақ училищесін (Павлодар) бітіріп шықты.

1914—1918 жж. Семей қаласындағы мұғалімдік семинарияда оқыды.

1918 ж. Мұғалімдік семинарияны (Семей) бітіріп шықты.

1918—1919 жж. Семей қаласындағы қазақ мұғалімдеріне арналған екі жылдық педагогикалық курстың табиғаттану пәні бойынша мұғалімі.

1919—1920 жж. Семей губерниясы, Павлодар уезі, Ақкелін болысының 4-ші ауылындағы мектептің мұғалімі.

1920—1921 жж. Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы 10-шы учаскенің халық соты.

1921—1926 жж. Томск технология институты тау-кен факультетінің студенті.

1926 ж. Томск технология институтының тау-кен факультетін бітірді.

1926—1929 жж. СССР Бүкілодақтық Халық Шаруашылық Советі жанындағы «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімінің басқарушысы (Москва).

1927 ж. Түсті металдар жөніндегі екінші Бүкілодақтық кеңестің (Москва) жұмысына қатысты.

1928 ж. Ташкентте өткен III Бүкілодақтық геология съезіне қатысты.

1929—1941 жж. СССР ауыр өнеркәсібі Халық Комиссариаты «Главцветметінің» Қарсақбай комбинаты геология-барлау бөлімінің бас геологі және басқарушысы (Қарағанды облысы, Қарсақбай поселкесі).

1931 ж. Оңтүстік Қазақстан және Орта Азия пайдалы қазбаларының кен орындарын зерттеу жөніндегі Южцветмет комиссиясының мүшесі.

— Балқаш мыс-металлургия заводын салатын жерді белгілеу жөніндегі Үкімет комиссиясының мүшесі.

1934—1946 жж. СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы (1938 жылға дейін СССР Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы) Ғылыми советінің мүшесі.

1935 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы «Қазақстанға 15 жыл» значогімен наградтады.

1936 ж. Үлкен Жезқазған мыс балқыту комбинатын салатын жерді белгілеу жөніндегі Үкімет комиссиясының мүшесі.

— Алматыда өткен Бүкілқазақстандық бірінші геология конференциясының жұмысына қатынасып, онда Қарсақбай комбинаты геологиялық барлау бөлімінің жұмысы туралы баяндама жасады.

1936—1939 жж. Еңбекшілер депутаттары Қарағанды облыстық Советі атқару комитетінің мүшесі.

1937 ж. Халықаралық он жетінші геологиялық конгрестің жұмысына қатынасты (Москва).

— Қазақ ССР Конституциясының жобасын талқылауға арналған оныншы Бүкілодақтық Төтенше Советтер съезінің делегаты.

— Қазақ ССР Конституциясы жобасының соңғы тексін дайындауға арналған оныншы Төтенше бүкілқазақстандық Советтер съезінің редакциялық комиссиясының мүшесі.

1937—1964 жж. Қазақ политехника институты (1960 жылға дейін Алматы тау-кен институты болды) геология-барлау факультетінің мемлекеттік емтихан комиссиясының председателі.

1939—1964 жж. Қазақстанды зерттеу жөніндегі республикалық қоғамның председателі.

1940 ж. Қазақ ССР-інің 20 жылдығына байланысты Жезқазған-Ұлытау аймағының жер қойнауындағы байлықтарды ашқан еңбегі үшін Ленин орденімен наградталды¹.

¹ Известия. 1940. 6 ноябрь.

— СССР түсті металлургия Халық комиссариатының «Социалистік жарыс үздігі» значогімен наградталды.

1941—1946 жж. СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының Президиумы председателінің орынбасары, 1942 жылдан бастап председателі.

1941—1952 жж. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы Ғылыми-техникалық совет председателінің орынбасары және оның ауыр өнеркәсіп жөніндегі Тұрақты комиссиясының председателі (Алматы).

1941—1964 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Геологиялық ғылымдар институтының (1946 жылға дейін СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы) директоры.

— Қазақ ССР Ғылым академиясы Геологиялық ғылымдар институтының Ғылыми советінің председателі.

— Қазақ ССР халық шаруашылығы жоспарының және бюджетінің жобаларын қарау жөніндегі Үкімет комиссиясының мүшесі.

1942 ж. Жоғары аттестациялық комиссия диссертация қорғамастан геология-минералогия ғылымдарының докторы деген ғылыми дәрежесін берді.

— «Қазақ ССР-індегі Жезқазған аймағының кен орындары» атты ғылыми еңбегі үшін СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді².

— Әскери госпитальдарда лекциялар оқуды ұйымдастырғаны үшін Түркістан соғыс округінің Құрмет грамотасымен наградталды.

— Қарағанды маңында қара металлургия заводын салатын жерді белгілеу жөніндегі Үкімет комиссиясының мүшесі.

1942—1945 жж. Совет ғалымдарының Бүкілодақтық антифашистік комитетінің мүшесі.

— Ұлы Отан соғысы кезінде еліміздің қорғаныс қажетін Орал, Батыс Сібір және Қазақстан ресурстарын жұмылдыру үшін ұйымдастырылған СССР Ғылым академиясы комиссиясының мүшесі.

— СССР Ғылым академиясының филиалдары мен базалары жөніндегі Советінің мүшесі.

1942—1951 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясының (1946 жылға дейін СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы) редакциялық баспа советінің председателі.

1942—1964 жж. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы

² Правда. 1942. 11 май.

Қарағанды металлургия заводы құрылысына көмектесу комитеті председателінің орынбасары (Алматы).

— СССР Министрлер Советі жанындағы геология істері комитетінің қазба байлықтар қорлары жөніндегі Орталық комиссиясының мүшесі.

1943 ж. СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

1943—1945 жж. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы республикалық геология советі қара металдар және руда емес шикі заттар селекциясының жетекшісі.

1943—1951, 1955—1964 жж. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы» (1946 жылға дейін СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының хабаршысы) журналының жауапты редакторы, редколлегия председателі.

1944 ж. Совет Одағы Коммунистік партиясының қатарына алынды.

— Ұлы Отан соғысы кезінде халық шаруашылығына және майданға көмектесу мақсатында ғылымды ұйымдастырғаны және ғалымдарды жұмылдырғаны үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

— Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағын берді.

1944—1946 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясын ашуға дайындық жөніндегі Үкімет комиссиясы председателінің орынбасары.

1944—1948 жж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті Ғылыми советінің мүшесі (Алматы).

1945 ж. Ғылым мен техниканы дамытудағы үздік еңбегі үшін және СССР Ғылым академиясының 220 жылдығына байланысты Ленин орденімен наградталды³.

— Табиғатты сынау жөніндегі Москва қоғамының толық мүшесі болып сайланды.

— Соғыс жылдарында ресурстарды іске қосқаны үшін екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды⁴.

— «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен қажырлы еңбегі үшін» медалімен наградталды.

1946 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

³ Правда. 1945. 11 июнь.

⁴ СССР Жоғарғы Советінің ведомстары. 1945. 16 ноябрь. № 225.

— СССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

— Кенді Алтай төңірегiнiң өндiргiш күшiн анықтауға арналған Қазақ ССР Ғылым академиясы комплексті экспедициясының жетекшiсi.

1946—1950, 1958—1962 жж. СССР Жоғарғы Советiнiң заңшығаруды болжау комиссиясының мүшесi.

1946—1952, 1955—1964 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясының президентi.

1946—1954, 1958—1964 жж. СССР Жоғарғы Советiнiң депутаты.

1946—1964 жж. СССР Жоғары және орта арнаулы бiлiм министрлiгi жанындағы жоғары аттестациялық комиссияның мүшесi.

1947 ж. СССР Жоғарғы Советiнiң үкiмет делегациясы құрамында Англияға командировкаға жiберiлдi⁵.

— Саяси және ғылыми бiлiмдердi тарату жөнiндегi Бүкiл-одақтық қоғам құруды ұйымдастыру комитетiнiң мүшесi (Москва).

1947—1956 жж. СССР Министрлер Советi жанындағы ғылым және өнер табыс iстерi саласындағы СССР Мемлекеттiк сыйлығы жөнiндегi комитеттiң Президиум мүшесi.

1947—1959 жж. Қазақ ССР Жоғарғы Советiнiң депутаты.

— СССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлiгi техникалық советiнiң мүшесi.

— Саяси және ғылыми бiлiмдердi тарату жөнiндегi Бүкiл-одақтық қоғамның басқарма мүшесi.

1948—1964 жж. Саяси және ғылыми бiлiмдердi тарату жөнiндегi республикалық қоғам Президиумының председателi (Алматы).

1949 ж. Қазақстан Компартиясы IV съезiнiң делегаты болып қатысып, онда «Қазақстан ғылымы Қазақстан Компартиясының III және IV съездерi аралығында» деген тақырыпта сөз сөйледi.

1949—1952, 1956—1964 жж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетiнiң мүшесi.

1949—1964 жж. Қазақ геология басқармасы жанындағы пайдалы қазба байлықтар қоры жөнiндегi аймақтық комиссияның мүшесi.

⁵ Правда. 1947. 12 март; Казахстанская правда. 1947. 12 март.

1950 ж. Жоғары аттестациялық комиссия геология мамандығы бойынша профессор ғылыми атағын бекітті.

— СССР Ғылым академиясы геология-география ғылымдары Бөлімшесінің, Өзбек ССР Ғылым академиясы геология, химия және техника ғылымдары Бөлімшесінің Орта Азияның рудалы кен орындарының геологиясы мәселелеріне арналған біріккен сессиясын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру бюросының мүшесі.

1950—1964 жж. Гидроэлектростанциялар және Бас Түрікмен каналын, жаңа суармалы және суландырылатын жүйелер салу кұрылысына көмектесетін мемлекеттік комитеттің мүшесі.

1951 ж. Тәжік ССР Ғылым академиясының құрметті мүшесі болып сайланды.

1951—1964 жж. СССР Ғылым академиясының Біріккен оңтүстік-шығыс экспедициясы (Комплексті Прикаспий экспедициясы) Ғылыми советінің мүшесі.

— Қазақстандағы бейбітшілік қорғау комитетінің мүшесі.

— «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Геология сериясы» журналының бас редакторы.

1952 ж. Ащысай полиметалл кен орнын геологиялық эксперттеу жөніндегі комиссияның председателі.

1952—1958 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтындағы «Орталық Қазақстан пайдалы қазба байлықтарының металлогениялық болжам карталары» проблемасын басқарушы.

1953—1964 жж. СССР Ғылым академиясы геология-география ғылымдары Бөлімшесінің эксперттік комиссиясының мүшесі.

1955 ж. Орталық және Оңтүстік Қазақстан бойынша СССР геологиялық картасының редколлегиясы бас редакторының орынбасары.

— Бейбітшілікті жақтаушылардың бесінші Бүкілодақтық сессиясының делегаты, онда «Соғыстан кейінгі 10 жылдағы Қазақстан экономикасының және мәдениетінің жетістіктері» деген тақырыпта сөз сөйледі (Москва).

1956 ж. КПСС XX съезінің делегаты.

— Қазақстан Коммунистік партиясының VIII съезіне делегат болып қатысып, «Қазақстандағы ғылымның қорытындысы және міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады.

— Қазақ ССР Ғылым академиясы Геологиялық ғылымдар институтының «Шығыс Қазақстан металлогениясы» проблемасын басқарушы.

1956—1964 жж. СССР Министрлер Советі жанындағы Ғы-

лым мен техника саласында берілетін Лениндік сыйлық жөніндегі комитеттің президиум мүшесі.

— «Советская геология» журналы редколлегиясының мүшесі.

1957 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының күш-мүмкіндігін тың және тыңайған жерлерді игеруге жұмылдырғаны үшін Ленин орденімен наградталды⁶.

1957—1964 жж. СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы түсті металдар өндіруді дамытуды жоспарлау проблемасын шешу жөніндегі комиссияның мүшесі.

— Совет Одағы геологтарының Ұлттық комитеті бюросы председателінің орынбасары.

— Дүние жүзінің металлогениялық картасы жөніндегі Совет комиссиясының мүшесі (Москва).

1958 ж. Орталық Қазақстанның комплексті металлогения және болжам жасау карталарын түзу тәсілін анықтап, оларды жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді⁷.

— СССР Жоғарғы Советі жанындағы парламенттік топтың мүшесі.

— Орталық Қазақстанның металлогения және болжам жасау карталарына арналған бірінші Бүкілодақтық кеңес жұмысын басқарды, онда «Орталық Қазақстанның комплексті металлогениялық болжам карталары», «Орталық Қазақстанның жер қойнауында эндогендік мыс кендері пайда болуының металлогениялық ерекшеліктері және заңдылықтары» деген тақырыптарда баяндамалар жасады (Алматы).

1958—1964 жж. СССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің эксперттік-геологиялық советінің мүшесі.

1959 ж. КПСС ХХІ съезінің делегаты.

— КПСС ХХІ съезі резолюциясының жобасын дайындау жөніндегі Комиссияның мүшесі.

— «СССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің социалистік жарыс үздігі» значогімен наградталды.

1959—1964 жж. СССР Ғылым академиясы экономика, философия және заң ғылымдары Бөлімшесі жанындағы табиғаттанудың философиялық мәселелері жөніндегі Ғылыми советтің мүшесі.

1960 ж. Қазақстан Компартиясы Х съезінің делегаты, онда

⁶ СССР Жоғарғы Советінің ведомстары. 1957. 11 январь. № 7.

⁷ БСЭ. 3-издания. 1975. Т. 22. С. 611.

«Қазақстанда ғылымның дамуы және міндеті» деген тақырыпта сөз сөйледі.

1960—1964 жж. «Білім және еңбек» журналы редколлегиясының мүшесі.

— СССР Ғылым академиясы Президиумының мүшесі.

1961 ж. КПСС XXII съезінің делегаты.

— Қазақстан Компартиясы XI съезінің делегаты.

— Кремльде өткен ғылым қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінің жұмысына қатынасып, онда Қазақстанда ғылымның дамуы туралы сөз сөйледі.

1961—1964 жж. «Қазақстан территориясында пайдалы қазбалардың орналасу заңдылықтары» проблемасы жөніндегі Қазақ ССР Ғылым академиясы Ғылыми советінің председателі.

— СССР Ғылым академиясының геология-география ғылымдары Бөлімшесінің бюро мүшесі.

— Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтындағы комплексті «Успен тектоникалық аймағының геологиясы мен металлогениясы» проблемасын басқарушы.

— СССР Министрлер Советі жанындағы ғылымды дамытудың мүмкіншіліктері жөніндегі Мемлекеттік экономика советінің комиссия мүшесі.

1962—1964 жж. СССР Жоғарғы Советінің Одақ Советі председателінің орынбасары.

— СССР Ғылым академиясының геология-география ғылымдары Бөлімшесі жанындағы басты металдардың және металл емес пайдалы қазбалардың түзілу теориясы және орналасуы жөніндегі Ғылыми советтің мүшесі.

— Қазақ ССР Ғылым академиясының «Қазақстан металлогениясы» проблемасы жөніндегі комиссиясының председателі.

1963 ж. Елімізде геология ғылымын дамытуға қосқан зор еңбегі үшін, Қазақстанда пайдалы қазбаларды ашқаны және зерттегені үшін Ленин орденімен наградталды⁸.

— КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының жұмысына қатысты.

1963—1964 жж. СССР Министрлер Советі жанындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік комитеттің Ғылыми советінің мүшесі.

Қ. И. Сәтбаевтың құрметіне оның атымен аталатын Жоң-

⁸ СССР Жоғарғы Советінің ведомстары. 1963. 29 апрель. № 1289—VI.

ғар Алатауы жотасында мұзарт мұз бен бір шың бар, сондай-ақ Қаратаудағы ванадий кен орындарындағы рудадан табылған жаңа минерал — «Сәтбаевит», остролодочник флорасы — *Oxytropis Satpaevii* Вайт, гладиолус гүлі — «Академик Сәтбаев», сирень гүлінің бір түрі — «Академик Қ. И. Сәтбаевты еске түсіру» деп аталды. Академик Қ. И. Сәтбаевтың есімі Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтына (Алматы), кен-металлургия комбинатына (Жезқазған), балық тоңазытқыш жылжымалы базаға (Іле өзен Балқаш көлі), сондай-ақ Қазақ ССР-інің көптеген мектептеріне және қалалар мен ауылдардың көшелеріне берілді.

АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

Еліміздің зор революциялық өзгеруі және ғылыми өрлеуі дәуірінде партиямен, қоғаммен біте қайнасқан, халық ішінен шыққан, бар өмірін социализм құрылысына сарп еткен жаңа типті ғалымдар буыны өсіп, шыңдалды. Аңызға айналған алғашқы бесжылдықтардың халық шаруашылық проблемаларын, 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қиын міндеттерін және соғыстан кейінгі кезеңде социализмді нығайту ісін шешу өз үлестеріне тиген сол буынның тобына қазақ халқының талантты ұлдарының бірі, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев та жатады.

Ол еңбегін бүкіл еліміз танып, бағалап отырған тамаша геологтардың бірі, заманымыздың көрнекті ғалымы, белгілі қоғам қайраткері болды. Қазақстанның бір кездегі елсіз шөл даласының социализм дәуірінде алып индустрия орталығына айналуы оның есімімен тығыз байланысты. Орталық Қазақстанның жер қойнауындағы минералдық ресурстарды ашып игеру, Жезқазған кен орнының нақты байлығын анықтау, республикада геология қызметін ұйымдастыру, Қазақ ССР Ғылым академиясын құрып, оны алдыңғы қатарлы ғылым ордасына айналдыру — Қ. И. Сәтбаевтың өмір жолындағы ең басты кезеңдер, міне, осылар.

Ол «Жезқазған кенінің ауқымы шамалы» деген сол уақытта қалыптасқан көзқарастарға қарамастан, оны мыс өнеркәсібі өндірісінің негізгі базасының біріне айналдыруға болатынын айтты. Кейін осы жерде ғалым есімімен аталатын еліміздегі ең ірі Жезқазған кен-металлургия комбинаты құрылды. Мыс рудаларын алу проблемаларын шешумен бірге, Қ. И. Сәтбаев Орталық Қазақстанның жер қойнауындағы халық шаруашылық маңызы зор басқа да көптеген пайдалы қазбалардың кен орындарын зерттеуге, олардың өндірістік маңызын бағалауға жедел кірісті.

Қаныш Имантайұлының ұйымдастырушылық таланты, жан-жақты білімдарлығы ол 1942 жылы СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Президиумының председателі болып тағайындалғаннан кейін айқын көрінді. Қысқа мерзім ішінде филиал Қазақстандағы ғылым штабына айналды. 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының құрылуы КПСС-тің Лениндік ұлт саясатының салтанаты және партия мен үкіметтің елімізде ғылым мен мәдениетті дамыту жолындағы тұрақты қамқорлығының куәсі болды. Қ. И. Сәтбаев оның алғашқы президенті болып сайланды.

Жаңашыл, ұйымдастырушы ғалым Қ. И. Сәтбаев өмірдің, халық шаруашылығының барлық мұқтаждарына әрдайым іскерлікпен жедел үн қоса білді, партия мен үкіметіміздің шешімдері мүлтіксіз жүзеге асырылуы үшін зор инициатива көрсетті, ғылыми-зерттеу жұмыстарының теориялық тереңдігі, тәжірибеде тиімділігі үшін күресті, ғылым нәтижелерінің халық шаруашылығына тездетіп енгізілуіне күш салды. Осындай зор, көп қырлы, нағыз творчестволық қызметтің жемісті болуы Қаныш Имантайұлының жеке басының тартымды қасиеттерімен, ерекше еңбекқорлығымен, мақсатқа тікелей бағытталған жігерлілігімен байланысты екені сөзсіз.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 апрель (31 март) күні Павлодар облысының Баянауыл (Аккелін) ауданында көшпелі қазақ семьясында туды. Ол 1911 жылы ауылдық орыс-қазақ бастауыш мектебінде оқып білім алғаннан кейін, Павлодар қаласындағы орыс-қазақ училищесіне түсті. 1914 жылы оны үздік аяқтап, сол жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына студент болып қабылданды. Бұл семинарияда жоғары білімді, прогресшіл орыс педагогтарының үлкен бір шоғыры жиналған еді, арман қуған жастың тиянақты білім алуына олардың нақты көмегі болды. Қ. И. Сәтбаевтың интернационалдық идеямен рухтанған алдыңғы қатардағы орыс интеллигенциясымен араласуы оған үлкен әсер етті. Осы жерде оның туған өлкенің жер байлығын зерттеу ісіне қызығушылығы оянды, бұл кейін оған оқуды геология саласында жалғастыруға себепші болды.

1918 жылы Қ. И. Сәтбаев мұғалімдер семинариясын ойдағыдай бітіреді, бірақ жоғары оқу орнына түсу үшін емтиханға дайындалу мақсатымен Семейде қалып қояды. Ол осында ашылған ауыл мектептері үшін қазақ мұғалімдерін даярлау жөніндегі курста сабақ бере бастайды. Өз бетімен білім алу жолында кездескен қиындықтар, педагогтік қызмет пен қала тұрмысына үйренбегендік оның денсаулығына нұқсан келті-

реді де, оған ауылға қайтуға тура келеді. Онда өзі бітірген бастауыш мектептің мұғалімі болып орналасады.

1919 жылдың күзінде осы өңірде атқан Ұлы Октябрь революциясының шапағатты таңын жас Қаныш бүкіл халықпен бірге зор қуаныш үстінде қарсы алды. Партия мен үкімет бұл жылдары жергілікті тұрғындар арасындағы білімді адамдарды социализм құру мақсатын жүзеге асыру ісіне белсене жұмылдырды. Павлодар уездік ревкомы Қ. И. Сәтбаевты 1920 жылдың басында Баянауыл аудандық халық соты етіп тағайындады. Жас сот совет өкіметін нығайту, заң тәртібін күшейту үшін күресе отырып, партия идеяларын халық арасында насихаттап жүзеге асыруға нақты үлесін қосты. Қаныш Имантайұлының әрі қарайғы тағдырына үлкен әсер етіп өмір жолын күрт бұрған оқиға оның Томск технология институтының профессоры, кейін академик атағын алған Михаил Антонович Усовпен кездесуі болды. 1921 жылдың жазында М. А. Усов Баянауылға емделуге келіп, Қаныш аулында тоқтайды. Ол Баян тауларында қысқа маршруттар жасағанда, Қаныш оған серік болып жүрді. М. А. Усовпен Қазақстанның жер қойнауының байлығы, оның туған республика үшін экономикалық маңызы туралы және геологтың романтикалық мамандығы жөніндегі әңгімелер болашақ ғалымның көптен бергі жоғары білім алсам, жер қазба байлықтарын зерттеуші болсам деген ынтасын ұштап, жігерін жани түсті. Мұның қабілеттілігі мен талабын бағалап, түсіне білген М. А. Усов оны Томскінің технология институтына оқуға шақырады.

1921 жылы Қ. И. Сәтбаевтың өтініші бойынша Семей ревкомы оны Томск технология институтына жолдамамен жібереді, онда ол тау-кен факультетінің геологиялық-барлау бөлімшесіне студент болып қабылданды. Міне, нақ осы Томскідегі студенттік жылдарда оның ғылыми-инженерлік көзқарасы қалыптаса бастайды, оған мұндағы геологтар мектебінің және әсіресе, өзінің сүйікті оқытушысы әрі ұстазы М. А. Усовтың тигізген ықпалы зор. Оның геологиядағы идеялары кейін Қ. И. Сәтбаевтың творчестволық қызметінің негізі болды. Көп жылдар өткен соң Қаныш Имантайұлы ол туралы өте жылы көңілмен былай деп жазды: «Менің Томскіде академик М. А. Усовпен әрдайым тығыз араласуда өткен студенттік шағым, оның терең және жаңа геологиялық идеялары, туған Сібірдің геологиясы мен табиғатына деген сүйіспеншілігі, үлкен адамгершілігі мен ғалымдық қасиеттері маған зор әсер етті және менде шын мәнінде осы асыл адамға, ұлы орыс халқы-

нын лайықты ұлына деген шексіз ризашылық сезім қалдырды»¹.

1926 жылғы июнь айында Қ. И. Сәтбаев диплом жұмысын үздік қорғап шығып, республикадағы бірінші инженер-геолог атағына ие болды. Институтты бітіргеннен кейін өзінің өтініші бойынша Москва қаласындағы «Атбасцветмет» тресіне жұмысқа жіберілді.

Жиырмасыншы жылдары Қазақстанда металлургия өндірісін құрып, дамытуда В. И. Ленин қол қойған Алтай және Орталық Қазақстан рудниктеріндегі шетел концессияларын жою туралы үкімет декреттерінің маңызы зор болды. Оған Жезқазған мыс кен орнын игеру де кірді. 1926 жылдың күзінде «Атбасцветмет» тресінің бір басқармасы орналасқан Қарсақпайға жұмыс істеуге жас инженер-геолог Қ. И. Сәтбаев келді. Оның алдында Жезқазған мыс кен орнында және Байқоңыр көмір кен орнында алғашқы геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу сияқты қиын мәселелер тұрды. Мұның өзі бүкіл Жезқазған-Ұлытау аймағындағы пайдалы қазбалардың қорларын табудың да бастамасы болған еді. Өзінің еңбек жолының бірінші жылында ағылшындардан қалған болмашы геологиялық архив жұрнақтарын ұқыпты түрде зерттеген және, әсіресе, Жезқазған кен орнымен жете танысқан Қаныш Имантайұлы бұл аймақтың келешектегі өндірістік орасан зор потенциалын айқын көре білді. Жезқазғанда барлау және комплексті зерттеу жұмыстарын жоспарлы жүргізетін тұрақты геологиялық-барлау мекемесін құруды ол ең басты мәселелердің бірі деп есептеді.

1928 жылы «Қарсақпай ауданы және оның перспективасы» деген мақаласында Қ. И. Сәтбаев былай деп жазды: «Жезқазған ауданы өзінің потенциалы бойынша келешекте дүние жүзінің ең бай мысты провинцияларының біріне айналады, оған бірінші жүлдені алуға Орал кен орындары ғана емес, Американың да белгілі мыс провинциялары жол беретін болады»². Алдағы перспективаларды анықтай отырып, ол салынып жатқан Қарсақпай комбинаты бұл аймақты әрі қарай индустрияландырудың бастамасы ғана деп санады.

Қ. И. Сәтбаевтың бүкіл творчествосы оны қажырлы, жігерлі еңбекке шабыттандырған идеясымен құнды. Ол жоғарыдағы мақаласында тағы да былай деп атап көрсетті: «Ұлытау

¹ Сәтбаев Қ. И. Избранные труды. Алма-Ата, 1967. Т. 1. С. 9.

² Сәтбаев Қ. И. Карсақпайский район и его перспективы // Народное хозяйство Казахстана. 1928. № 1. С. 109.

түкпірінде естілетін алғашқы завод гудогіне Қазақстанның барлық аймағынан алып үн қосылатыны сөзсіз. Бұл «жанғырықты» күшейтуші себептердің бірі деп қазақ халқының өлең шығаруға бейімділігін де санауға болады, сонымен бірге бұл жаңа өлеңдерде, сөз жоқ, өткен замандағы зарығу, күдер ұзу ноталары емес, жаңа, көтеріңкі қуатқа, айбынға толы ноталар үні естілетін болады. Олар жаңа туған, өскелең, индустриялы Қазақстанның өлеңдері болады». Бұл сөздерден жас инженердің социалистік құрылыс уақытында өте қысқа мерзім ішінде орындалған ақындық қиялы мен армандары көрінеді.

Оның осы мақаласында Ұлытау аймағын дамытудың экономикалық проблемалары және республика мен бүкіл еліміздің халық шаруашылығы үшін оның түрлі табиғи ресурстарының мәнін көрсететін негізгі мәселелер қаралған. Қаныш Имантайұлы бұрынғы деректерді және өзінің жинақталған жеке геологиялық бақылауларын талдап қорыта отырып, Жезқазған келешекте Совет Одағындағы мыс өндірісінің басты руда базасының бірі болатындығын негіздеді. Сөйтіп, еңбек жолының алғашқы кезінде-ақ оның ой өрісі кең және осы бай өлкенің экономикасы мәселелерін анық түсіне білген жан-жақты дарынды зерттеуші және көрнекті ұйымдастырушы екендігі байқалады.

Ғалым өзінің батыл, бірақ толық негізделген геологиялық болжамын тезірек тексеру үшін геологиялық-барлау жұмыстарының қарқынын шұғыл жылдамдату қажет деп білді және Бүкілодақтық СССР Халық шаруашылығы Советінің алдына бірінші бесжылдықта Жезқазған рудасы негізінде жаңа мыс комбинатын салудың қажеттілігі туралы мәселе қойды.

Бастапқы жылдары мұнда барлау жұмысын кең ауқымда жүргізу үшін техникалық құрал-жабдықтар, бұрғы мастерлері, инженер-техник кадрлары жетіспеді, игерілмеген шөл далаға мамандар келмеді. Осыған қарамастан Қ. И. Сәтбаев қысқа мерзімде жергілікті тұрғындарды өндіріске тартып, олардың ішінен білікті жұмысшылар мен техникалық кадрлар даярлап шығарды. Ол бастаған осы барлаушылар коллективі зор энтузиазммен жұмыс істеп, небәрі үш жылдың ішінде үлкен жетістіктерге жетті. 1931 жылдың аяғында Жезқазған кен орны ашылған руда қоры бойынша СССР мыс кен орындарының ішінде алдыңғы орынға шықты. 1932 жылы Жезқазған-Ұлытау аймағында жүргізілген көлемді геологиялық-зерттеу жұмыстарының қорытындылары бойынша Қаныш Имантайұлының «Жезқазған мыс кені ауданы және оның минералдық ресурстары» атты монографиясы басылып шықты. Онда

бұл аймақта одан әрі жүргізілетін жұмыстардың кең программасы белгіленді. Қ. И. Сәтбаевтың Жезқазған кенінің болашағын жоғары бағалауының, оның геологиялық барлау жұмыстарымен расталуының терең ғылыми негізі болды. Жезқазған кен орны туралы бұрын қалыптасқан көзқарастарды түбірінен қайта қарап, өзгертуі және оны өндірістік ауқымдағы объектілер қатарына жатқызуы — ғалымның маңдай терімен келген, қажырлы творчестволық еңбегінің нәтижесі. Қ. И. Сәтбаев негіздеген Жезқазған типтес кен орындарының жаратылу, жер қыртысында орналасу заңдылықтары өзінің теориялық мәнін бүгінгі күнде де жоғалтқан жоқ және болжау, барлау жұмыстарын үнеммен, тиімділікпен жүргізіп, дұрыс бағыттауға мүмкіншілік тудыруда.

Жезқазғанда жүргізілген соңғы геологиялық зерттеулердің нәтижелері Қ. И. Сәтбаевтың отызыншы жылдары ұсынған басты ғылыми барлау критерийлерінің (көрсеткіштерінің) дұрыстығын толық дәлелдеді.

Қаныш Имантайұлы Жезқазған — Ұлытау аймағын шұғыл зерттеумен қатар, Қазақстанның барлық территориясында да геологиялық зерттеу, барлау жұмыстарын ұйымдастыруға белсене қатысты. Атасудың темір, мыс, қорғасын, Торғайдың темір, боксит, Алтайдың түсті металдар кен орындарының жедел барланып игерілуі қажет екендігін көрсетіп, Орталық Қазақстанда қара металлургия индустриясын құру мәселесін көтерді. Жезқазған-Ұлытау аймағының қазба байлықтарын тез арада еліміздің халық шаруашылығына пайдалану үшін қажетті мына мәселелерді алға қойды: Жезқазғаннан Атасу темірлі ауданы арқылы Қарағанды көмір бассейніне дейін темір жол салу; Үлкен Жезқазған комбинатын салу; комплексті геологиялық барлау жұмысын жеделдету; Жезқазған ауданында ферромарганец заводуын салу; болашақ зор өндіріс комплексін тез арада сумен қамтамасыз ету т. б. Міне, осындай Жезқазған болашағына қатысы бар, маңызы зор мәселелер Қ. И. Сәтбаевтің іскерлігінің, ұйымдастырушылық талантының арқасында қысқа мерзімде іске асырылды.

Бірақ Жезқазған мыс комбинатын салу проблемасы бірден шешіле қоймады. СССР Геология комитеті аппаратының кейбір қызметкерлері бұл мәселеге бюрократтықпен, сенімсіз көзбен қарап, ол ұсынған тұжырымдарды жоққа шығаруға тырысты. 1933—1935 жылдары СССР Геология комитеті Жезқазғанды барлау жұмысына қаржы бөлмей қойды. Қ. И. Сәтбаев тағы да үлкен Жезқазғанның болашағы үшін айқасқа шығып, асқан жігерлілік, табандылық көрсетті. Ол 1934 жыл-

дың ноябрь айында СССР Ғылым академиясының ғылыми сессиясында Жезқазған-Ұлытау аймағының мыс, қорғасын, темір, марганец т. б. кен орындарын комплексті түрде игеру мәселесін қойып, оны жедел шешуді ұсынды. Бұл ретте оны еліміздің белгілі ғалымдары, академиктер — А. Д. Архангельский, В. А. Обручев, А. А. Байков, И. М. Губкин, Б. Е. Веденеевтер қолдады. Жезқазған үшін тарихи маңызы бар бұл сессия бір ауыздан оны еліміздің мыс алыбы бола алады деп тауып, өндіріске жедел қосу қажет деген шешім қабылдады. Қ. И. Сәтбаев осы жылдың декабрь айында Ауыр өнеркәсіп өндірісі наркомы Серго Орджоникидзениң қабылдауында болып, оның Жезқазған құрылысына қаражат бөлуге жәрдемдесем деген уәдесін алып, қуанышпен оралды.

Сөйтіп, 1937 жылы Қарағанды—Жезқазған темір жолы салынып, пайдалануға берілді, 1938 жылы Жезқазған мыс комбинатын салу туралы үкімет қаулысы шықты. Жезқазған-Ұлытау аймағын геологиялық зерттеудегі орасан жетістіктері үшін 1940 жылы Қ. И. Сәтбаевқа диссертация қорғатпай-ақ геология-минералогия ғылымдарының докторы атағы берілді. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен Ленин орденімен наградталды.

Қ. И. Сәтбаевтың Жезқазғанда он бес жыл бойы бас геолог болып, геологиялық барлау жұмыстарына жетекшілік етуі жас Қазақ республикасының алыс түкпірінде жатқан жер қазыналарын жан-жақты және комплексті түрде ұйымдастыру, барлаушы геологтар кадрларын даярлау, аймақтың табиғи ресурстарын тез және толық игеру жолындағы үздіксіз күресі үстінде өтті. Өндірісте ұзақ жыл жұмыс істеу ол үшін тамаша мектеп болды. Осы кезде оның бойында кейін ғылым саласына да үлкен әсерін тигізген тамаша қасиеттер қалыптасты. Қаныш Имантайұлының зерттеу жұмыстарына және ол басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми коллективтеріне тән нәрсе ғылымды мақсатқа тікелей бағыттау және нақтылы деректерге сүйене отырып жүргізу болды.

Ұлы Отан соғысының бас кезінде СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының жаңадан құрылған Геологиялық ғылымдар институтында директор болып тағайындалған Қ. И. Сәтбаев Жезқазғаннан Алматыға келді. Отанымыз үшін осы аса ауыр жылдарда оның ұйымдастырушылық қабілеті айырықша көрінді. 1941 жылдың күзінде ол СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Президиумы председателінің орынбасары, бір жылдан соң председателі болып тағайындалды. Бұл тұста Қаныш Имантайұлы республиканың әр түкпі-

рінде жұмыс істейтін бытыраңқы геологиялық мекемелерді біріктіріп, оларды ең басты мәселе — өндірісті соғысқа қажетті стратегиялық шикізатпен қамтамасыз ету ісіне бағыттауға бар күшін салды. Жезқазған, Жезді, Қорғасын және басқа да Қазақстанның көптеген объектілері жұмыс істеп тұрған заводтары шикізатпен үзіліссіз қамтамасыз етуге бейімделіп, дайындалды.

Никополь марганец бассейнінің уақытша жау қолында қалуымен байланысты еліміз аса маңызды стратегиялық шикізат көзінен айырылды. Сондықтан Жезді марганец кен орнын барлауды және оны игеруді жеделдету мәселесі қойылып, ол аз уақыт ішінде бағалы, өте қажет металды еліміздің заводтарына жібере бастады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында металдардың жетіспеуімен және Қазақстанда қара металлургияны дамытудың үлкен маңыздылығымен байланысты еліміздің үкімет органдарында 40-шы жылдардың басында-ақ республикада ірі металлургия заводын салу мәселесі көтерілген болатын. Сондықтан СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының Геология институтында Қ. И. Сәтбаевтың инициативасы бойынша Қазақстандағы темір мен марганец кен орындарының геология-экономикалық сипаттамаларын беру және болашақ металлургия заводынның шикізат қорын әрі қарай ұлғайту жөнінде үлкен ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Қаныш Имантайұлы өзінің әріптестерімен бірге 1942 жылы осы заводты салатын жерді белгілейтін Үкімет комиссиясының жұмысына қатысты. Олар сонда Қарағанды қаласының іргесіндегі Теміртау алабын таңдап алды. СССР Халық Комиссарлар Советі мұндай металлургия заводын жедел түрде салу туралы қаулы алды. Осыған орай Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жанында республикадағы барлық ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысын үйлестіріп отыратын ғылыми-техникалық совет құрылды.

СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының қаз тұрып, қалыптасып кетуіне Қазақстанға қоныс аударылған еліміздің аса ірі ғалымдары — СССР Ғылым академиясының президенті В. Л. Комаров, академиктер И. П. Бардин, В. А. Обручев, А. А. Скочинский, И. И. Мещанинов, Л. Д. Шевяков, Э. В. Брицке, А. А. Григорьев т. б. үлкен көмек көрсетті. Қазақстан, Орал, Батыс Сібір ресурстарын қорғаныс мұқтажына жұмылдыру мақсатымен құрылған СССР Ғылым академиясының В. Л. Комаров басқарған комиссиясы Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің көптеген салаларын құру қажет екендігін қисынды дәлелдеп берді. Оның жұмысына Қ. И. Сәтбаев та белсене

араласты. СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы республиканың табиғи ресурстарын зерттеу жұмыстарын тездетіп, қысқа мерзімде аяқтауға кіріседі.

1942 жылы «Қазақ ССР-індегі Жезқазған аймағының кен орындары» деп аталатын күрделі еңбегі үшін Қ. И. Сәтбаевқа СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сол жылдың август айында ғылыми еңбектерінің жинағы бойынша және ғылымды ұйымдастырудағы зор еңбегі үшін ол геология-минералогия ғылымдарының докторы дәрежесін алды. Оның СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалын, кейін Қазақ ССР Ғылым академиясын басқарғанда ұстанған негізгі бағыты — ғылыми зерттеулерді партия мен үкіметіміз белгілеген республикадағы шаруашылық және мәдени құрылыстар мүддесімен тығыз байланыстыру болды.

Соғыс жылдары СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы республикамыздағы барлық ірі кәсіпорындармен — Жезқазған кен металлургия комбинатымен, Балқаш заводтарымен, кенді Алтайдың тау-кен, металлургия комплекстерімен творчестволық қарым-қатынас жасады. Сөйтіп, ғылыми тақырыптар өндіріс талабымен жүргізіліп, ғылыми зерттеулердің нәтижелері өндіріске енгізіліп жатты.

1942 жылдың аяғында Алматыда СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының бірінші ғылыми сессиясы өткізілді. Онда филиалдың соғыс жағдайында республикада жүргізген ғылыми зерттеулерінің алғашқы қорытындылары шығарылып, келешекте атқарылатын жұмыстардың басты бағыттары мен міндеттері белгіленді, зерттеулерді комплексті түрде жүргізу, ғылымның өмірмен, практикамен тығыз байланысты болуы, бар күшті халық шаруашылығы мен соғысқа көмектесуге жұмсау қажет екендігі атап көрсетілді. Сессияда Қазақ ССР Халық комиссарлар Советі жанынан үйлестіруші орталық құрылды. Сонымен, соғыс жылдарының қиын уақытында СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы республикада ғылыми ойларды түйістіретін орталыққа айналып, қорғаныс ісіне үлкен үлес қосты.

СССР Ғылым академиясы геология-географиялық бөлімшесінің бюросы 1943 жылы 5 октябрьде қабылдаған қаулысында былай деп көрсеткен:

«1. Қазақ филиалының Геологиялық ғылымдар институты ғылыми коллективінің Ұлы Отан соғысы кезінде жүргізген маңызды жұмыстарын, әсіресе, олардың Отан қорғау ісіне қажетті негізгі стратегиялық металдардың қорын ұлғайтудағы жетістіктерін атап айту қажет. 2. Жүргізіліп жатқан ғы-

лыми-зерттеу жұмыстарының көлемі, көп салалылығы және ғылыми қызметкерлермен қамтамасыз етілуі жағынан алғанда Қазақ филиалының Геологиялық ғылымдар институты СССР Ғылым академиясы жүйесіндегі ең күшті, жоғары дәрежелі геологиялық мекеме болып саналады».

1943 жылдың апрель айында Қ. И. Сәтбаев Коммунистік партияның мүшелігіне кандидат болып қабылданып, бір жыл өткеннен кейін КПСС мүшесі болды. Ол басқарған СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы соғыс жылдарында қазіргі заманғы ғылымның барлық негізгі салалары бойынша (геология, тау-кен ісі, металлургия, химия, энергетика, биология, гуманитарлық ғылымдар) зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1943 жылдың күзінде Қаныш Имантайұлы СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Ал СССР Ғылым академиясының 220 жылдығына орай (1945 ж.) Қазақстанда ғылымның дамуына қосқан еңбегі үшін екінші Ленин орденімен, екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды.

СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы мекемелерінің кең қанат жаюымен және республикада ғылыми зерттеулерді әрі қарай дамытудың қажеттілігімен байланысты филиалды Қазақ ССР Ғылым академиясына айналдыруға толық жағдай туды. Осы уақытта оның құрамында 16 ғылыми-зерттеу институттары және 7 жеке секторлар болды, филиал аспирантура және докторантура арқылы ғылыми кадрлар даярлауда үлкен жұмыс жүргізді.

1945 жылдың август айында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика үкіметі «Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырудағы дайындық шаралары туралы» біріккен шешім қабылдады. 1945 жылдың күзінде СССР Халық Комиссарлар Советі «Қазақ ССР Ғылым академиясын құру жөніндегі дайындық шаралары туралы» қаулы алды. Мұның өзі келешекте үлкен ғылыми орталыққа айналатын Қазақ филиалының жұмысын одан әрі жандандыра түсті.

1946 жылы республика өмірінде КПСС-тың лениндік ұлт саясатының салтанат құруының куәсі, қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті дамуындағы үлкен саяси мәні бар тарихи іс және зор серпіліс болған айрықша мәнді оқиға туды. Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылды. Қ. И. Сәтбаев оның тұңғыш президенті болып сайланды. Республиканың ғылыми орталығында бұл уақытта 1500-ден астам адам, оның ішінде 78 ғылым докторлары және профессорлар, екі жүздей ғылым кандидаттары жұмыс істейтін. Сонымен бірге қазақ ғалымда-

рының да саны өсті, олардың арасында 12 ғылым докторлары және отыздан астам ғылым кандидаттары болды. Қ. И. Сәтбаев Қазақстанның геологиясы және пайдалы қазбалары туралы еңбектерімен, қазіргі заманғы ғылымның көптеген салаларынан мағлұматы молдығымен еліміздің ғалымдары арасында айтуға тұрарлықтай қадірге, абыройға бөленді. 1946 жылы ол СССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының алғашқы қадамдары еліміздің соғыстан кейінгі тыныштық өмірге бет алған уақытында басталды. Оның алдына барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарын осы игі мақсатқа бағыттау, ғалымдардың творчестволық күшін халық шаруашылығын қалпына келтіріп, оны әрі қарай дамытуға жұмылдыру мәселелері қойылды. Бұл тұрғыда Қ. И. Сәтбаев жүргізген маңызды шаралардың бірі Қазақ ССР Ғылым академиясы ғылыми мекемелерінің өндірістік және жобалау мекемелерімен творчестволық қарым-қатынасын нығайту және мүмкіншілігінше одан әрі дамыта беру болды. Партия және совет органдарының көмегімен академия өзінің ғылыми базасын нығайта бастады, әрбір институттың жаңа кезеңге сәйкес ғылыми бағытын анықтаумен қатар, республиканың өндіргіш күштерін арттыруда маңызы зор іргелі проблемаларды жете зерттеуге көңіл бөлді. Елуінші жылдардың бас кезінде республикада жаңа институттар бірінен соң бірі ашылып, ғылыми кадрлар сан және сапа жағынан да өсіп жатты. Қаныш Имантайұлы басқарған Геологиялық ғылымдар институты өзінің зерттеу жұмыстарының маңыздылығы жағынан еліміздің алдыңғы қатардағы мекемелерінің біріне айналды.

Ол үшін бұл кезең (1950—1958) творчестволық жұмысқа қызу кіріскен өнімді еңбек жылдары болды. Қ. И. Сәтбаев және оның әріптестері еліміздің ауыр өнеркәсібінің дамуы үшін Қазақстан негізгі шикізаттар базасының бірі екендігін, сондықтан оның жер қойнауындағы барлық байлықтарды зерттеп, анықтауды және халық шаруашылығында пайдаланудың тиімді тәсілдерін тауып, жүзеге асыруды тездету керектігін жақсы түсінді. Осыған орай олар пайдалы қазбаларды алдын-ала болжаудың ғылыми негізін зерттеп, ұсынуды геология ғылымының басты міндеті деп білді. Қаныш Имантайұлы Геологиялық ғылымдар институтын үзіліссіз басқара отырып, Орталық Қазақстанның металлогениясы бойынша жиналған ұшан-теңіз геологиялық материалдарды тұңғыш рет талдап қорыту жұмысын ұйымдастырып басқарды және оған тікелей қатысты.

Қазақстан жер қойнауын геологиялық тұрғыда зерттеу және оның байлықтарын ашу, жаңа металлогения ғылымының даму тарихындағы ең жарқын беттердің бірі Қ. И. Сәтбаевтың есімімен байланысты. Оның және ол бастаған Қазақстан геологтары коллективінің үлкен сенімді ақтағандығы, ең алдымен, пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын тез табуға және еліміздің минералдық шикізат қорын ұлғайтуға бағытталған көлемді комплексті металлогениялық зерттеулерді ұйымдастыруда жатыр. Геологиялық зерттеулерді жүргізумен қатар, орасан зор деректі материалдар жиналды, мұның өзі Қазақстан геологтары алдына әрі қарайғы іздеу, барлау жұмыстарын тиімдірек жоспарлауға және бағыттауға қажет деректер алу үшін бұл материалдарды толық талдап, ұғыну міндетін қойды.

Металлогениялық зерттеулердің негізіне ғалым айқын тұжырымдаған металлогениялық болжам картасын жасаудың басты методологиялық принциптері мен тәсілдері алынды. Оның ішіне өзі жасап шығарған металлогениялық талдаудың комплексті тәсілі, руда жаратылуы теориясының көптеген негіздері, кен орындарына болжам айту, тағы басқа да мәселелер кіреді. Сондықтан Қ. И. Сәтбаевты заңды түрде металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі және Қазақстанда осы бағытты алғашқы бастаушы деп атайды. Бұл өте әділ баға еді.

Ол өзінің көп жылғы жемісті еңбектерімен Қазақстанның геологиясы мен металлогениясын зерттеу тарихында терең із қалдырды. Жүргізілген жұмыстың ерекше мақсатқа бағытталғандығының және оның коллективті түрде атқарылуының (республиканың барлық геологиялық мекемелерінің қатысуымен) — басқару ісінің бір орталықта болуының (ғылыми-методикалық орталық — Геологиялық ғылымдар институты) арқасында 1953 жылдың бас кезінде Орталық Қазақстан бойынша орасан көп материалдарды жинап, талдау жұмыстары аяқталды. 1954 жылы алғашқы карталар макеттерін және жүйелендірілген металлогениялық болжам карталарының өзін жасау аяқталды.

Бұл жұмыс руда жаралу процестері мен кезендерінің және кен орындарының орналасу заңдылықтарын айқындаған Қазақстан металлогениясының теориялық негізі болып шықты.

1954 жылы Қ. И. Сәтбаев былай деп жазды: «Металлогениялық болжам картасы әр аймақтың геологиясы мен металлогениясы туралы біздің ұғымымыз пирамидасының шыны болуы керек». Қазақстандық металлогения мектебі осылай ту-

ды. Бұл дүние жүзінде бірінші жасалған алғашқы металлогениялық болжам картасы да еді.

1958 жылы Алматы қаласында Қ. И. Сәтбаевтың инициативасы бойынша I Бүкілодақтық металлогениялық мәжіліс болды. Оған еліміздің барлық геологиялық мекемелерінің өкілдері қатысты. Қазақстан геологтарының металлогениялық көзқарастарын толық мақұлдаған бұл мәжіліс кейін елімізде осындай форумдардың жиі өткізілуінің бастамасы болды. Сонда сөз сөйлеген Қ. И. Сәтбаев былай деп тұжырымдады: «Геология ғылымында оның жаңа саласы — металлогения көрнекті орын алады. Бұл, жас ғылым саласы біздің елімізде туып, дамып отыр. Мұның өзі кездейсоқ жағдай емес, өйткені советтік ғылымның түпкі негізінде жоспарлау идеясы, халыққа қызмет ету мақсаты жатыр». 1958 жылы металлогениялық болжам карталарының методологиялық негізін дайындағаны және оларды жасап шығарғаны үшін Қ. И. Сәтбаев бастаған бір топ Қазақстан ғалым-геологтарына Лениндік сыйлық берілді.

Қаныш Имантайұлының инициативасы бойынша өндіріспен ауыл шаруашылығын, әсіресе, тың көтеріп жатқан аудандарды сумен, құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету үшін Маңғышлақ, Мұғаджар және Торғай төңіректерінің табиғи минералдық ресурстарын зерттеу жөнінде зор жұмыс жүргізілді. Қазақ ССР Ғылым академиясы ғалымдарының тың және тынайған жерлерді игеру ісіне қосқан үлестерін партия мен үкімет жоғары бағалады және 1957 жылы олардың көпшілігі жоғары үкімет наградаларына ие болады. Қ. И. Сәтбаев үшінші Ленин орденімен наградталды.

Ол өрісі кең, ғылымның әр саласынан түсінігі мол көрнекті ғалым болды. Оның орыс, қазақ және басқа да тілдерде баспадан шыққан көптеген еңбектері бар.

Қ. И. Сәтбаев ғылыми болжамдардың күшін, өмірге қажеттігін және объективтілігін олардың халық шаруашылығының практикалық мәселелерін шешуге қанша көмек көрсете алатындығы тұрғысынан қарады. Ол «модалы» теориялардың, ойдан шығарған идеялардың, асығыс ойдан шыққан тұжырымдардың нағыз қарсыласы болды. Қаныш Имантайұлының ғылыми творчасының ұраны — фактілерді жазуда, суреттеуде шыншылдық, жаңа ғылыми болжамдар мен идеяларды нақты деректер негізінде ұсыну. Оның терең ұғымы бойынша тек қана осындай принцип халық шаруашылығының басты проблемаларын шешуге ғылымның ықпалы мол болуына мүмкіншілік тудырады. Оның көптеген ғылыми мирастарының

ішінде геологияға қатысты негізгі еңбектері басты екі проблемаға арналған. Олар — «мысты құмтастар» (Жезқазған типтес) кен орындарының геологиясы мен генезисі (пайда болуы) және Қазақстан металлогениясының проблемалары.

Ғалымның «мысты құмтастар» генезисі туралы көзқарасының Жезқазған кен орны үшін қандай үлкен маңызы болғандығы жөнінде академик Д. Н. Наливкин былай деп жазды: «Қаныш Имантайұлының осы кеннің генезисіне көзқарасымен дауласуға да, келісуге де болады, бірақ бұл идея Үлкен Жезқазған комплексінің ашылып, дамуының негізі болуымен құнды».

Қаныш өзінің барлық творчестволық өмір жолының ескерткіші етіп Үлкен Жезқазғанды, Геологиялық ғылымдар институтын, Қазақ ССР Ғылым академиясын ғана қалдырып қойған жоқ, оның тынымсыз зор еңбегінің, атқарған ауқымды істерінің нәтижелерін бұл күндері республикамыздың жоғары дамыған халық шаруашылығының әр саласына тиген әсерінен көреміз. Ол — салынған Қарағанды металлургия заводы, Соколов-Сарыбай комбинаты, Атасу темір-рудаларының, Алтай кен орындарының, Қаратау фосфориті мен полиметалл кен орындарының игерілуі, Ертіс — Қарағанды каналы, көптеген өндірістік (химиялық, металлургиялық, ядролық т. б.) процестердің жаңартылып жетілдірілуі т. т.

Қ. И. Сәтбаев көрнекті ғалым және талантты ұйымдастырушы болып қойған жоқ, ол үлкен қоғам және үкімет қайраткері де. Қаныш Имантайұлы көп жылдар бойы СССР Жоғарғы Советінің депутаты және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, СССР Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председателінің орынбасары, Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХ, ХХІ және ХХІІ съездерінің делегаты болды және КПСС Орталық Комитетінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің көптеген пленумдарына қатысты. Қ. И. Сәтбаев партия мен үкімет халық алдына қойған барлық мәселелерді жүзеге асыруға өзінің әрқашан дайын екендігін көрсетті. Ол ғылым мүддесінің өндірістің, ауыл шаруашылығының және мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты болуы үшін күшін салған советтік жаңа типті ғалым болды.

Көрнекті ғалым, белгілі қоғам қайраткері совет ғалымдарының Бүкілодақтық антифашистік комитетінің, СССР Жоғарғы Советі жанындағы парламенттік топтың, Азия және Африка елдерімен ынтымақ жөніндегі Советтік комитеттің, жер жүзінің металлогениялық картасы жөніндегі Советтік комиссияның, СССР Ғылым академиясы Президиумының,

СССР Министрлер Советі жанындағы ғылым мен техника саласы бойынша лениндік сыйлықтар жөніндегі Комитеттің және СССР Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі Комитеттің Президиум мүшелері, гидроэлектростанциялар және Бас Түркмен каналы құрылыстары туралы мемлекеттік комитеттің мүшесі, Совет Одағы геологтарының Ұлттық комитетінің бюросы председателінің орынбасары, Жоғары аттестациялық комиссияның, Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының мүшесі болды.

Қаныш Имантайұлы Қазақстанда болып өткен барлық қоғамдық және тарихи оқиғаларға белсене қатысты. Ол Коммунистік партия мен Совет өкіметінің шешімдерін жүзеге асыру үшін іскерлікпен, үлкен энтузиазммен еңбек етті. Кеңпейілділік, қайырымдылық, адамды сыйлай білушілік, сыпайылық, ал іске аса қатал болу, бір беттілік оған тән қасиеттер еді.

Артына үлкен мирас қалдырған Қ. И. Сәтбаевтың жарқын өмір жолы халыққа, социалистік Отанға, Ұлы Ленин партиясына адал қызмет етудің үлгісі болып саналады. Кезінде республика үкіметі оның есімін есте сақтау жөнінде біраз шаралар алған болатын. Бүгінде ғалымның атында Жезқазған кен-металлургия комбинаты, Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институты, Қазақстанның бірнеше елді пункттері, орта мектептері және Алматы, Балқаш, Гурьев, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Семей қалаларының көшелері бар. Қазақ ССР Ғылым академиясы Қ. И. Сәтбаевтың бес томдық таңдаулы еңбектерін басып шығарды.

А. А. Абдуллин,
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі.

АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТЕР

Абдуллин А. А. Жер қойнауын игерген: (Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына байланысты) // Ленин. смена. 1969. 10 апрель.

